


*Әжiнiяз атындағы Нәкiс мемлекеттiк педагогикалық
институты*

- Филология факультетi
- Қазақ тiлi және әдебиетi кафедрасы

**Тiлеуберген
Жұмамұратов**

Дайындаған: Рахманова Ботакоз (4 «г» курсы)




- Қарақалпақ поэзиясын биікке көтерген аса таланты ақындардың бірі — Тілеуберген Жұмамұратов. Ол 1915 жылы Мойнақ ауданына қарасты Ақдария деген елді мекенде дүниеге келеді де, 1990 жылы Нөкіс қаласында, 75 жасында қайтыс болады. Жеті жасында әкесі қайтыс болып, анасының қолында тәрбиеленеді. Жастайынан-ақ ауыл арасын-дағы көзі ашық, көкірегі ояу адамдардан ертегілер мен аңыз-әңгімелер, өлең жырлар есітіп, батырлық жырларды тыңдап, поэзия әлемінен ерте сусындай бастайды.

қарақалпақ поэзиясын биікке көтерген тамаша туындылары жарық көрген кітаптары



«Жүрек махаббаты» (1956)
«Достық» (1959)
«Менің замандастарым» (1962)
«Дәуір жұлдыздары» (1963)
«Толқын үстінде». (1970)
«Макария сұлу» (1973)



**«Ақын музасы,
ақын жүрегі
«Достық, достық,
достық» деп
соғады»**

Қ.Мақсетов

«Халықтар
достығының
жыршысы, қазақ
әдебиетінің досы»

«Қазақ әдебиеті» газетасы

«Ойпырмай,
Тілеуберген,
бала, ағып
тұрған дария
ғой»

Сәбит Мұқанов

«Бәріміз де бір бақшаның
гүліміз, Бір ананың
көздеріндей түріміз,
Арамызға аудармашы
қоспай-ақ, Түсінеміз
бірімізді-біріміз,- деп
Тілеуберген Жұмамұратов
дәл тауып айтқаны ойға
орала берді»

Мағзом Сүндетов

Ақын поэзиясында халықтардың достығы, ынтымақ-
бірлігі де ерекше серпінді әуенмен кең жырланған

«Абай ескерткішіне»,

«Қазақ жігітіне»,

«Мұхтарға»,

«Ғабит Мүсіреповке»,

«Алматыны келдім алып»,

«Қырғыз досыма»,

«Сәбит туралы»,

«Асқарға»,

«Ғафур Ғуламға»,

«Қазақ досыма»

Прозасы

- Ақын Тілеуберген Жұмамұратов — проза саласында да өнімді қалам тебіренгіп, бірнеше әңгімелер мен очерктер жазған қаламгер. Оның «Құпия махаббат», «Махаббат сыры», «Милиционер жігіт» секілді т.б. прозалық шығармаларын қаракалпақ оқырмандары ерекше сүйіспеншілікпен сүйіп оқиды.

драматургия

- Оның үстіне поэзия, проза жанрларында қалам тебіrentіп қалмастан, драматургия жанрына да барып, өзінің «Тіктелген Ту» музыкалық драмасы мен «Қыздар әзілі» секілді комедия-сында жазып, көрермен жұртшылықтың ыстық ықыласына бөлене түсті.

аудармалары

Сондай-ақ оның аударуымен Омар Хаямның «Рубаилары» мен А. С. Пушкиннің, Мұса Жалил мен Тоқтағұл Сатылға-новтың өлендерін қарақалпақ оқырмандары ерекше сүйіспеншілікпен оқу мүмкіндігіне ие болды.

Фотогалерия



ЖАНҰЯСЫ



ұрпақтары





ҚАЗАҚ ДОСЫМА

Қазақ досым, келсең біздің араға,
Құлағыш тос, ақырына қара да,
Түсінбеспіз қарақалпақ тілін деп,
Тілмаш сұрап, бізді бөтен санама.

- Көрмегенді білу қиын сынамай,
- Қиыспаса сөзім қаққан сынадай,
- Соңынан-ақ тілмаш тауып берейін
- Тыңда бірақ, сөйлер тілім мынадай:

- —Ұлы достық — бар халықтың жақыны,
- Отанымның сүйеніші, ақылы
- «Түбі бірге — түртпейді», — деп айтады,
- Қазақ пенен қарақалпақ нақылы.

- Түсіндің бе менің осы сөзіме,
- Айна алдында қарашы бір жүзіңе:
- Дәл егіздің сыңарындай аумаған
- Қарақалпақ ұқсамай ма өзіңе?!

- Есіңде ме, о бауырмал қазағым,
- Көкіректі кернеген кез аза, мұң.
- Ата-баба, жел айдаған қаңбақтай,
- Бірге шекті шерлі шақтың азабын.

- Қобыз сарнап, Қорқыт қоныс таппаған,
- Айналасын қара тұман қаптаған.
- Басқа салды Асанның мұң-қайғысын,
- Шұбырынды «қара табан», «ақ табан».

- Қаратаудың қырқасынан көш келіп,
- Уайым шегіп, үйқысынан сескеніп,
- Ата-үддан, ана-қыздан айрылған,
- Қара көзге мөлтілдеген жас келіп.

- Жүргенде де қараңғыда шырмалып,
- Ата-баба қыз берісті, қыз алып.
- Жырақ жолда жақын жүрек жалғасқан,
- Түйе керуен Қызылқұмды қақ жарып.

- Кейде тіпті көрші қонған ел екен,
- Ірге бірге, тең керілген керегем.
- Қарақалпақ елінде де жырланды
- «Қамбар батыр», «Мүнлық-Зарлық», «Төлеген».

- Бір теректің бұтағындай ұрпақпыз,
- Қайғыға да, шатыққа да ортақпыз.
- «Кең даланың жыршысы» деп біздерді
- Уәлиханов айтқан қарақалпақпыз.

- Мен дән сепсем — қаулап өсті егісім,
- Жесем тідді үйіреді жемісім.
- Зәулім үйлер жасыл желек жамылып,
- Көкке бойлап кеуде керді Нөкісім.

- Ағызғаның «қара алтын» мен «ақ алтын»,
- «Қызыл алтын» — ең байлығың, зор даңқың.
- Абай, Жамбыл, Мұхтар, Сәбит Отаны,
- Жиреншедей шешен, қазақ, ел-халқың.

- Қалама кел, ауылыма барып қайт,
- Бойдақ болсаң ару таңдап алып қайт.
- Жігіт те кеп, қазақ қызы сүйгендей,
- Жүрт жаңғыртып және құда болып қайт.

- Құр меттеймін саған арнап мал сойып,
- Салтымыз деп алдыңызға бас қойып,
- Мейлі стол, мейлі көпшік жастанып,
- Қыздар құйған күрең шайдан іш тойып.

- Бүгін байтақ Отанымда халқым шат,
- Ағаның да, құрбының да дәмін тат.
- Бәрінен де ең қадірлі сыйлығым —
- Жүректегі лаулап тұрған махаббат

*«Ата — ұлдан, она — қыздан айрылған,
Қара көзге мөлтілдеген жас келіп», —
деген қатарлар қазақтың қайсы әнін көз
алдыға елестетеді?*